ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 29 қыркүйек №4360-23-00-2/2110 іс Қызылорда қаласы

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында: судья Қ.М.Бержанов,
оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша электронды форматтағы азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының «Шиелі аудандық көп бейінді орталық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
«Сигнал-плюс» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану

<u>ҚАРАР БӨЛІГІ:</u>

АПК-нің 267-4, 223-226-баптарын басшылыққа алып,сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының «Шиелі аудандық көп бейінді орталық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының жауапкер «Сигнал-плюс» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қоюы толық қанағаттандырылсын.

Жауапкер «Сигнал-плюс» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін шарт бойынша міндеттемесін орындамауына байланысты мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкер «Сигнал-плюс» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет пайдасына сот шығыны 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге мемлекеттік баж алымы өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған

Құжатқа қол қойылған: Бержанов К. М., 30.09.2023
Заңды күшіне енген күні: 10.11.2023, судья Бержанов К. М., 10.11.2023
4360-23-3-1/2278

(жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда – сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қызылорда облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым берілуі, прокурормен апелляциялық өтінішхат келтірілуі мүмкін.

Судья **Қ.М.Бержанов**
Көшірме дұрыс
Судья **Қ.М.Бержанов**

Анықтама: Шешім заңды күшіне 10.11.2023 жылы енді.

Судья **Қ.М.Бержанов**

Құжатқа қол қойылған: Бержанов К. М., 30.09.2023
Заңды күшіне енген күні: 10.11.2023, судья Бержанов К. М., 10.11.2023
4360-23-3-1/2278